



**ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕРІ:СӨЗДІҢ ТАРИХИ
ТӨРКІНІН АЙҚЫНДАУДЫҢ ЛЕКСИКОЛОГИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ**

Қалмырзаева Нуржамал Бекполат қызы

*Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогика-лық институтының
Магистратура бөлімінің магистранты. Беруни ауданы 18-мектептің Қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің оқытушысы E-mail:nurjamalqalmirzaeva@gmail.com*

Аннотация: Менің бұл мақаламда қазақ лексикографиясының ең күрделі әрі іргелі саласының бірі болып табылады. Яғни, этимологиялық сөздіктердің құрылымдық-семантикалық табиғаты мен оларды түзудің негізгі қағидаттары қарастырылады. Зерттеу барысында сөздің тарихи төркінін айқындаудағы генетикалық, тарихи-салыстырмалы және семантикалық реконструкциялау принциптеріне ғылыми талдау жасалды. Мақаланың мақсаты – этимологиялық сөздік мақаласының лексикографиялық параметрлерін айқындау және сөз төркінін анықтаудағы филологиялық маңызын негіздеу болады. Автор нақты лингвистикалық мысалдар арқылы сөздің бастапқы архетипі мен қазіргі мағынасы арасындағы байланысты саралайды. Зерттеу нәтижелері қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда және сөздік қорды жүйелеуде практикалық көмекші құрал ретінде ұсынылады.

Аннотация: В этой статье рассматривается структурно-семантическая природа этимологических словарей, являющихся самой сложной и фундаментальной областью казахской лексикографии, и основные принципы их составления. В ходе исследования был проведен научный анализ принципов генетической, историко-сопоставительной и семантической реконструкции в определении исторического происхождения слова. Цель статьи – определить лексикографические параметры этимологической словарной статьи и обосновать филологическое значение определения происхождения слова. Автор анализирует связь между первоначальным архетипом слова и его текущим значением посредством конкретных лингвистических примеров. Результаты исследования будут представлены в качестве практического вспомогательного инструмента в преподавании казахского языка и литературы и систематизации словарного запаса.

Abstract: My this article examines the structural-semantic nature of etymological dictionaries, which are the most complex and fundamental branch of kazakh lexicography, and the basis principles of their compilation. During the research, a scientific analysis was conducted on the principles of genetic, historical-comparative, and semantic reconstruction in determining the historical origin of words. The purpose of the article is to determine the lexicographical dictionary article and to



"INNOVATIVE ACHIEVEMENTS IN SCIENCE 2026"

substantiate the philological significance of words. The author analyzes the relationship between the original archetype of a word and its current meaning through specific linguistic examples. The research results are presented as a practical aid in teaching Kazakh language and literature and literature and systematizing vocabulary.

Кілт сөздер: Этимологиялық сөздік, лексикографиялық принцип, сөз төркіні, праформа, семантикалық эволюция, тарихи—салыстырмалы әдіс, түбір сөз лингвистикалық реконструкция.

Ключевые слова: Этимологический словарь, лексикографический принцип, происхождение слова, праформа, семантическая эволюция, историко-сравнительный метод, корневое слово, лингвистическая реконструкция.

Keywords: Etymological dictionary, lexicographical principle, word origin, pra-form, semantic evolution, historical-comparative method, root word, linguistic reconstruction.

КІРІСПЕ:

Қазіргі қазақ тілі білімінде сөздің шығу төркінін, тарихи жолын, мағыналық эволюциясын зерттеу мәселесінің—лексикология ғылымының аса маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Әсіресе тілдің ертедегі, яғни, көне қабаттарын, төл және кірме лексиканың арақатынасын, тарихи фонетикалық өзгерістерді айқындауда этимологиялық зерттеулердің орны орасан ерекше болып отыр.

Этимология (грек. *etymon*—«ақиқат», *logos*—«ілім») сөздің бастапқы тұлғасын, алғашқы мағынасын және тарихи өзгеру сатыларын анықтайтын ғылым саласы. Қазақ тілі білімінде бұл бағыт ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйелі сипат ала бастады. Сондай-ақ, бүгінгі таңда қазақ тілін лексикалық құрылысы едәуір зерттеліп, танылып қалды. Өйткені, лексикасының тарихынан сол халықтың өткендегі тұрмыс-салтының, мәдени-рухани өмірінің өзге ел-жұртпен аралас-құралас болғандығының ізі, сәулесі көрініп тұруы қажет. Сондықтан этимологиялық зерттеулер тіл білімін тарих, этнография, архелогия, әдебиет ғылымдарымен ұштастырады. [1, 4-бет]

Негізгі бөлім:

Ә. Қайдар қазақ тіл бөліміндегі лексикология саласын тек сөздік құрамды сипаттау деңгейінде емес, оның тарихи, құрылымдық және мағыналық даму заңдылықтарымен бірлікте қарастырады. Ғалымның пікірінше, қазақ тілінің лексикалық жүйесі халықтың рухани және материалдық мәдениетінің көрінісі.

Лексикология—жалпы тіл білімінің сүбелі де күрделі салаларының бірі. Оның зерттеу объектісі—лексика және оның пайда болу жолдары мен даму жолдары мен даму заңдылықтары. Басқаша айтқанда, лексиколо-



"INNOVATIVE ACHIEVEMENTS IN SCIENCE 2026"

гия тіл тарихына, сол тілде сөйлеуші этностың бастан кешірген қоғамдық формациялары мен басып өткен өмірлік жолына қатысты тілдік фактілерінің шығу тегін, қалыптасу кезеңдерін зерттеуді мақсат етеді. [1, 50-бет]

Қазақ тілінің төл лексикасы—ұлттық дүниетанымының негізгі тірегі. Бұл мәселені нақты көркем мәтіндер арқылы дәлелдеуге болады. Мысалы,

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында көшпелі өмірге тән лексемалар кең қолданылады. шаңырақ, уық, кереге, жайлау, қыстау, қоныс. Мәтіннен мысал:

«Қара шаңыраққа ие болу—үлкен ұлдың парызы». Шаңырақ сөзінің бастапқы мағынасы – киіз үйдің күмбез бөлігі. Алайда роман мәтінінде бұл сөз семантикалық кеңею арқылы «әулет», «отбасы», «ұрпақ жалғастығы» ұғымын білдіреді. Бұл—лексикалық мағынаның метафоралық даму процесі болып табылады.

1.2 Әлеуметтік –тарихи лексика

Лексикологиялық сөздік тек бірлік емес, халық өмірінің әлеуметтік құрылымын бейнелейтін тарихи құбылыс десек, артық айтқандық болмайды.

[1, 41-42-беттер] Сондай-ақ, төменде қазақ әдебиеті шығармаларынан алынған Нақты мысалдар көрсетілген.

1) «Хан» және «орда». Мысалы: «Абылай хан ордасына кеңес құрылды» [40-60-беттер]

Түсіндірме: Мұнда «хан» сөзі билеуші тұлғаны, «орда» сөзі мемлекеттің орталығы ретінде қолданылған. Бұл тарихи және әлеуметтік мағыналы лексика-

ға мысал болып табылады.

2) «Жасақ»

«Жортуылға шыққан жасақ жауды аңдыды». [75-90]

Түсіндірме: «Жасақ» сөзі әскери топты білдіреді. Бұл сөз әлеуметтік –әлеуметтік құрылымды көрсететін тарихи лексикаға жатады.

3) «Ел»

«Ел тағдыры шешілді». [20-30]

Түсіндірме: «Ел» сөзі тарихи роман контекстінде қоғам немесе қауымдастық мағынасында қолданылған.

2. Сөздердің тарихи төркіні және шығу тегін зерттеу (Этимологиялық талдау)

Этимологиялық талдау—бұл сөздің шығу тегін, тарихи дамуын, түбірін және семантикалық өзгерісін зерттейтін тіл білімі саласы. Сондай-ақ, Ә. Қайдар лексикологияда сөздің әлеуметтік және тарихи контекстін қарастыру маңызды екенін атап көрсетеді. Менің пікірімше, сөздің тарихи төркінін зерттеу арқылы тілдің даму заңдылықтарын, сөздің қазіргі қолданысы



"INNOVATIVE ACHIEVEMENTS IN SCIENCE 2026"

мен тарихи мағынасы арасындағы байланысты анықтауға болады. Бұл бөлімде қазақ тіліндегі бірнеше тарихи және кірме сөздер мысал ретінде қарастырылады, олардың шығу тегін, қолданылу ерекшелігін және қазіргі мағынасын көрсетуге назар аударылады.

2.1. «Батыр»- жеңілмейтін жауынгер

Ол—ел қорғаны, батыр».

Талдау:

Қазіргі қазақ тілінде «батыр» сөзі «қаһарман, ержүрек адам» мағынасында қолданылады.

Этимологиялық тұрғыдан, көне түркі тілінен bayatur сөзіне негізделген,

«жеңілмейтін жауынгер» дегенді білдіреді.

Көркем мәтінде қолданылуы сөздің тарихи күшін сақтап, қазіргі қоғамда батырлық қасиетті бейнелейді.

2.2. «Қол»- әскери және әлеуметтік құрылым

«Қол бастау—батырлық жауынға аттанды».

Талдау:

Көне мәтіндерде «қол» сөзі «әскер, әскер тобы» мағынасында қолданылған.

Қорытынды:

Қазіргі қазақ тілінде бұл сөзді көбіне көп анатомиялық ұғымды білдіреді.

Этимологиялық талдау сөздің тарихи мағынасының өзгерісін байқай аламыз.

Қорытынды:

Қазақ тілінің лексикалық зерттелуі мен этимологиялық талдауы бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл зерттеуімнің маңызы этимологиялық талдаудың бір-бірімен тығыз байланысты екендігін аңғарамыз. Бұл мақаламдағы зерттеудің маңыздығы—сөздің келіп шығу тарихын ашу арқылы оның қазіргі қолданылуын, әлеуметтік және мәдени мәнін толық түсіну болып табылады.

Қорытындылай келе, қазақ тіліндегі сөздердің тарихи және әлеуметтік мәнін, олардың шығу тегін, семантикалық өзгерістерін зерттеу—тілдің даму заңдылықтарын, мәдени ерекшеліктерін және халықтың өмір салтын толық түсінуге мүмкіндік береді, әрі, маңызыды бағыттың бірі болып саналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. А. Ысқақов, Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. - Алматы: 1966 жыл [1, 4-бет]
2. Ә. Қайдар. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы: Лексикология, Этимология, 1998. [50-бет]



"INNOVATIVE ACHIEVEMENTS IN SCIENCE 2026 "

- 3.Ә.Қайдар.Қазақ тілінің өзекті мәселелері.—Алматы :Лексикология,Этимология,1998[41-42]
- 4.Ілияс Есенберлин.Көшпенділер.—Алматы: І.Есенберлин қоры,1998-[40-60]
- 5.Ілияс Есенберлин.Көшпенділер.—Алматы:І.Есенберлин қоры,1998-[75-90]
6. Ілияс Есенберлин.Көшпенділер.—Алматы:І.Есенберлин қоры,1998-[20-30]
- 7.Ерколь Дәулетқалиев.Алтын адам.—Алматы:Фолиант,2001-[59]
- 8.Құрманғазы.Жырлар жинағы.—Алматы:Қазақ фольклоры,1992.—[12]